# Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі



Желтоқсан, 2013 ж.

**Жәнібек Хасан**
мемлекеттік қаржы және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша сарапшы

Бұл басылым Қазақстанның Ұлттық бюджеттік желісімен Сорос-Қазақстан Қорының «Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасының қаржылық қолдау көрсетуімен жүзеге асырылған «Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі» жобасы шеңберінде жарияланған болатын.

Бұл басылымның мазмұны автордың пікірін білдіреді және оның
Сорос-Қазақстан қорының пікіріне сай болуы шарт емес.

# Мазмұны

1. ТҮЙІНДЕМЕ 4

2. КОНТЕКСТ 7

3. РЕЙТИНГ 9

4. НӘТИЖЕСІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ 15

4.1 БЮДЖЕТ ЖОБАСЫН ЖОСПАРЛАУ МЕН ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ 15

4.2 БЮДЖЕТТІ ҚАРАУ МЕН БЕКІТУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ 19

4.3 БЮДЖЕТТІ ОРЫНДАУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ 23

4.4 БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БЕРУ 27

5. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АШЫҚТЫҚ ИНДЕКСІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР 31

# 1. ТҮЙІНДЕМЕ

Жергілікті деңгейдегі бюджеттік процестің ашықтық индексі облыстардың, Астана мен республикалық маңыздағы қала деңгейіндегі бюджеттік жүйенің ашықтығы мен есептілік деңгейін өлшеу аспабы болып табылады. Бұл аспапты Қазақстанның ұлттық бюджеттік желісі, республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджеттік шығындарға мониторинг жүргізу және бағалау мәселелерімен кәсіби тұрғыдан айналысатын үкіметтік емес ұйымдар тобы әзірлеген болатын.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексін құру идеясы Халықаралық бюджеттік серіктестігіне (ХБС / International Budget Partnership, IBP) тиесілі, аталмыш ұйым Бюджеттің ашықтық индексін әзірлеп және 2006 жылдан бері екі жылда бір рет оған баға беруде, ол жылдары зерттеуге 54 ел қатыстырылған болатын. 2012 жылы Индексті зерттеу шараларына 100-ден астам ел тартылды. Жергілікті бюджеттердің ашықтығына баға берудің бірыңғай әдіснамасын әртүрлі елдердегі мемлекеттік құрылымның (федерациялар, унитарлық мемлекеттер), сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару институттарының даму ерекшеліктеріне орай құрудың мүмкін еместігін түсіне отырып, ХБС 2010 жылы өздерінде пилоттық режимде Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексіне баға берудің әдіснамалары әзірленген 12 елді таңдады.

2011 жылы Сорос-Қазақстан қорының «Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасы мен ХБС-ның техникалық қолдау көрсетуімен Қазақстанның ұлттық бюджеттік желісінің жұмыс жүргізуінің арқасында Қазақстанда тұңғыш рет Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексіне зерттеу жүргізілді. Бюджеттік процестің ашықтық индексін жергілікті деңгейде зерттеу әдіснамасына сәйкес, республиканың 16 әкімшілік-аймақтық бірлігінің арқайсысында азаматтық қоғам – үкіметтік емес ұйымның, академиялық топтардың өкілдері – жоғары оқу орындарының оқытушылары, тәуелсіз зерттеушілер, сондай-ақ бюджетті әзірлеу, бекіту, орындау не орындалуын бақылау ісіне тікелей қатысы бар тиісті мемлекет органдарының қызметкерлері қатыстырылған болатын.

2013 жылғы зерттеме, былтырғы жылдағыдай барлық әкімшілік-аймақтық бірліктерді қамтыған, алайда әдіснама қайсыбір өзгерістерге ұшырады. Ендігі уақытта бюджеттік ақпараттың ашық дереккөздерде – бұқаралық ақпараттың баспа және электронды құралдары мен жергілікті уәкілетті органдардың интернет-парақтарында болу-болмауын анықтауға басты назар аударылуда.

*Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі бюджеттік процестердің өзіндік бюджетке ие бюджеттік жүйенің жергілікті деңгейінде – облыс, Астана мен республикалық маңыздағы қала деңгейіндегі ашықтық деңгейін көрсетеді. Қазақстанның әртүрлі өңірлерінің индекстері оларды бір-бірімен салыстырып отыруға мүмкіндік береді, бұл жергілікті басқару органдарын ақпараттың ашықтығын, халықтың осы ақпаратқа қол жеткізу деңгейін арттыруға және кері байланыс алып отыруға ынталандырады. Сонымен қатар, аталмыш индекс қай өңірлердің өз азаматтарына олардың бюджеттік процеске қатысуы үшін көбірек мүмкіндік ұсынып отырғаны жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.*

Бұл зерттеу жобасының негізгі нәтижесі – Қазақстан Республикасының барлық 16 әкімшілік-аймақтық бірліктерінің индексін анықтау, аталмыш аймақтарға 14

облыс, Астана қаласы мен республикалық маңыздағы Алматы қаласы кіреді. Индекс сарапшылардың бюджеттік процестің ашықтық деңгейіне жергілікті деңгейде баға берудің арнайы әзірленген сауалнама сұрақтарына берген жауаптарына негізделген. Сауалнамада жан-жақты ойластырылған 60 сауал қамтылған, олардың әрқайсысының бірнеше жауабы бар, соған қарай белгілі бір мөлшердегі ұпай беріліп отырған. Индексті анықтау кезеңі 2013 жылғы тамыз-қазан айларын қамтиды, ал зерттеу тақырыбына жергілікті билік органдары өзінің 2013 жылғы бюджеттерін бекіткен 2012 жылғы бюджеттік қатынастар жатады.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексінің жалпы нәтижелері жергілікті деңгейдегі бюджеттік ақпараттың қол жетімділігі мен бюджеттік процестің төмен көрсеткішін көрсетуде. Жергілікті бюджеттің ең жоғары мөлшердегі ашықтығы кезінде берілетін ең жоғары ұпай – 100 ұпайды құрайды. Өкінішке орай, облыстардың бірде-бірі[1] ең жоғары бюджеттік ашықтық деңгейін көрсетпеді. Қазақстанның өңірлері бойынша орташа баға небәрі **35 ұпайды** құрайды. Осыған орай, жергілікті деңгейдегі бюджеттік қатынастарды жақсартудың үлкен мүмкіндіктері бар, оны жұртшылықты бюджеттік шығындарды талқылау мен жоспарлау, сондай-ақ жергілікті деңгейде бюджеттік қатынастардың тиімділігін қоғамдық бақылау процестеріне кеңінен қатыстыру арқылы толықтыруға болады деп мәлімдеуге болады.

Сауалнама жергілікті деңгейдегі бюджеттік процестің ашықтығын қисынды түрде анықтайтын төрт бөлімге бөлінген болатын. Мысалы, бюджет жобасын жоспарлау мен әзірлеу процесінің ашықтығы мәселелері бойынша жергілікті бюджеттер небәрі **21 ұпай жинады**; бюджетті қарау мен бекіту процесінің ашықтығы орта есеппен **46 ұпай**; бюджетті орындау процесінің ашықтығы **39 ұпай** және бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп беру бөлімі бойынша **100** ықтимал ұпайдан **35 ұпай** алынды.

Дегенмен де, айта кететіні, әртүрлі облыстарға берілген бағалар бір-бірінен едәуір өзгешеленеді. Нәтижесінде ең жоғары және ең төмен мәнге ие облыстар мәліметтерінің өзара айырмасы 4 еседен артық мөлшерді құрады. Сонымен қатар, облыстардың бюджеттің ашықтық индексіндегі жайғасымдары аймақтық топтарға – солтүстік, шығыстық, орталық, батыс және оңтүстік топтарға біріктірілді. Индекстің ең жоғары көрсеткішін - 55 ұпайды Солтүстік Қазақстан облыстарының тобы көрсетті[2] – 55 ұпай, одан әрі батыс және орталық Қазақстанның облыстары (35 ұпайдан), солтүстік бөлігінің облыстары (33), және тізімді жиынтық 28 ұпай санымен оңтүстік Қазақстан облыстары аяқтауда.

Жергілікті деңгейде жүзеге асырылған бюджеттік айқындық пен ашықтықты тәуелсіз зерттеу азаматтардың жергілікті мемлекеттік билік органдарының азаматтардың әл-ауқатын арттыру мен мемлекеттің тұрақты дамуы мақсатында қандай іс-қимылдар мен қандай саясатты жүзеге асырып отырған білу бойынша түбегейлі құқығын ескерумен, әртүрлі мүдделі тараптардың арасында сындарлы, жан-жақты диалог құрудың негізін ұсынады. Бюджеттік процестің ашықтығы мен айқындық деңгейін арттыру бойынша шаралар жоспарларын жүзеге асырудың нәтижесінде өңірлердің тұрғын халқы мен азаматтық қоғамның жергілікті және

[1] Арнайы түрде көрсетілген жағдайларды санамағанда, бұл есеп беруде сонымен қатар еліміздің бас қаласы - Астана қаласы мен республикалық маңыздағы Алматы қаласы меңзеліп отырады.

[2] Бұл зерттемеде «Орталық Қазақстан» облыстарының тобына Қарағанды облысы мен Астана қ., «Шығыс Қазақстан» - Шығыс-Қазақстан мен Павлодар облыстары, «Оңтүстік Қазақстан» - Алматы, Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік-Қазақстан облыстары мен Алматы қ., «Солтүстік Қазақстан» - Ақмола, Қостанай және Солтүстік-Қазақстан облыстары, және «Батыс Қазақстан» облыстарының тобына - Ақтөбе, Атырау, Батыс-Қазақстан мен Маңғыстау облыстары жатқызылған болатын.

орталық мемлекет органдарының басымдылықтары туралы біліп отыруға, бюджеттік бағдарламалар мен стратегиялық жоспарларға мониторинг жүргізіп, және қаражаттардың жұмсалуын бақылап отыруға, ал алдағы уақытта әлеуметтік саясаттардың іске асырылуына ықпал етіп отыруға мүмкіндігі туындайды.

Былайша айтқанда, Индекс мемлекеттік жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару органдары үшін, сондай-ақ қызметті заңнамалық тұрғыдан қамту және ықтимал бюджеттік қатынастарды жүзеге асыруға арнап құқықтық шеңберлерді белгілеу үшін жауап беретін орталық мемлекет органдары үшін тиімді аспап болып табылады. Бюджеттік құжаттаманың айқындылығы мен бюджеттік процестің ашықтығы саласындағы тиісті практика азаматтардың іске асырылып жатқан индустриалдық және әлеуметтік саясаттардың мәні туралы түсінігін, соған орай азаматтардың үкімет пен жергілікті биліктің атқарушы органдарының қызметіне деген сенімділік көзқарасын арттырады.

# 2. КОНТЕКСТ

Қазақстан унитарлы мемлекет болып табылады, ал қазынагерлік саясатқа ықпал етудің барлық елеулі тетіктері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бөлімшесі – Салық комитетімен белгіленеді. Тұтастай алғанда, еліміздегі салықтық және бюджеттік заңнама орталық мемлекеттік басқару органдарына елеулі уәкілеттіктерді ұсынуда. Жергілікті басқару органдарының ағымдағы шығындарға және белгілі бір салаларды дамытумен байланысты шығындарға қатысты трансферттердің есебінен бюджеттік қаржы бөлулерге жалғасып келе жатқан тәуелділігі фактісі жергілікті деңгейдегі қазынагерлік саясат аспабының шектелгендігі туралы айқын түсінік береді. Сонымен қатар, білім беру, денсаулық сақтау сияқты мұндай мемлекеттік қызмет көрсетулердің басым бөлігі мемлекеттік басқару вертикалінің ең төмен деңгейінде ұсынылады, демек, мұндағы қаржылық, адами және техникалық ресурстардың шоғырлану мөлшері жоғары. Шынымен де, мемлекеттік бюджеттің жуықтап алғанда 2/3 бөлігі жергілікті деңгейде жұмсалуда.

Бюджеттік орталықтандырудың жоғары деңгейінің өзіндік артықшылықтары да кемшіліктері де бар. Артықшылықтарына белгілі бір салалардың дамытуға арналған бюджеттік бағдарламалар мен жобаларды бекіту мен жүзеге асырудың реттелген механизмі, ал кемшіліктеріне халықтың қажетсінулері мен сұранымдарына, бюджеттік бағдарламалар мен жобаларды тиімді орындауға толық бағытталмауы, сондай-ақ бюджеттік шығындарды жоспарлау сапасы жатады, бұл кемшіліктер стратегиялық құжаттар жетістіктерінің қаржылық емес көрсеткіштерімен байланысты. Сонымен қатар, мұндай практика жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жергілікті халыққа есеп беру қызығушылығын азайтады және мемлекет органдары мен қауымдастықтардың арасында тұрақты байланысты қамтамасыз етудің механизмдер жиынын едәуір шектейді.

Сарапшылардың басым бөлігі жоғары деңгейдегі бюджеттік орталықтандырудың елеулі кемшіліктеріне жергілікті атқару органдарының салықтық базаны арттыруға және салық салудың жаңа нысандарын табуға деген қызығушылығының төмен болуын жатқызуда, бұл түсімдердің салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштерінің нәтижесі болып табылады. Мемлекеттік табыстың негізгі көзі экономиканың шикізаттық салаларының есебінен қалыптасады.

Алынып отырған табыстың есептілігі мен айқындылығы жайлы, сондай-ақ ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен мемлекеттік даму бағдарламалары шеңберіндегі қаражаттарды игерудің тиімділігі мен нәтижелілігі жайлы мәселе жұртшылықты барған сайын көбірек қызықтыруда, бұл диалогтық, кеңес беру-кеңесу алаңшаларын ұйымдастыру қажеттігін тудырады. Мұндай ашық алаңшаларда мүдделі тараптар мәселелерді талқылап және диалог жүргізіп, ортақ игілік мақсатында және халықаралық практика мысалдарына негізделе отырып, ортақ қорытындыға талпынып және келіп отырған болар еді.

Бюджеттің айқындылығы мәселесі жұртшылық үшін шынымен де бірінші кезектегі мәселе болып табылады. Мұны 2010 және 2012 жылдардағы бюджеттің Ашықтық Индексіндегі төмен рейтинг көрсетіп отыр – ол ықтимал 100 ұпайдың 38 және 48 ұпайын құрауда. Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексінің көрсеткіші бюджеттік қатынастардың республикалық деңгейдегі ашықтығын өлшейтін Ғаламдық Индекс көрсеткішінен елеулі мөлшерде, 13 тармақ төмен.

Қазақстанда әзірше ақпаратқа қатынау туралы заң жоқ, алайда дегенмен де Бюджеттік кодексте посткеңестік елдер үшін инновациялық болып табылатын «транспаренттік» ұғымы бар, ол бюджеттік ақпараттың мүдделі тұлғалар тобы үшін айқындығы және қол жетімділігі деген мағынаны білдіреді. Қатардағы азаматтарға мемлекеттік шығын туралы бюджеттік ақпаратты алу қиын, оны түсіну одан да қиынға түседі. Осы орайда, Қаржы министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстанның Ұлттық бюджеттік желісі (ҚҰБЖ)[3] мен Сорос-Қазақстан қорының бірлескен жұмысы азаматтық бюджетті әзірлеу мен жариялау әдіснамасының, бюджеттік түсімдер мен шығындар туралы техникалық емес құжаттың пайда болуына әкелді. 2011 жылы әдіснама Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығымен бекітілді, ал 2013 жылы Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің бірлескен бұйрығымен қайта бекітілді. Бұл бастама ТМД кеңістігінде тұңғыш азаматтық бюджеттің пайда болуына әкелді.

Сонымен қатар, мемлекет органдарының қызметіне баға беру жүйесінде үкіметтік емес ұйымдардың рөлі күшеюде. Қабылданған Бюджеттік кодекс пен мемлекеттік жоспарлау және мемлекет органдарының қызметіне баға беру саласындағы өзге нормативтік-құқықтық актілердің арқасында азаматтық қоғамның мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі жергілікті деңгейдегі бюджеттік қатынастарға қоғамдық қатысу, мүдделі тараптардың шешім қабылдау және бюджеттік ақпараттың қол жетімділігі процестеріне тартылуына сипаттама беруге деген елеулі талпыныс болып табылады. Бюджеттің айқындылық индексі мен экономикалардың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін белгілейтін өзге индекстердің болуына қарамастан, ұсынылған индикатордың бірегейлігі оның әдіснамасымен, сондай-ақ ол өздерін өлшейтін қоғамдық қатынастардың бірегейлігімен қамтамасыз етіледі.

[3] Қазақстанның Ұлттық бюджеттік желісі (ҚҰБЖ) – бюджеттік талдау, мониторинг және қоғамның бюджеттік процеске қатысу саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың желісі. www.nbsk.kz

# 3. РЕЙТИНГ

Индекстің орташа ұпайы және облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ұпайлары №1 кестеде келтірілген.

| Жеткіліксіз не болмаса жоқ | Ең төмен | Орта-шадан төмен | Орташа | Елеулі | Ауқымды |
|---|---|---|---|---|---|
| 0-20 | 21-37 | 38-55 | 56-72 | 73-89 | 90-100 |

| № | Облыстың атауы | 1-БӨЛІМ | 2-БӨЛІМ | 3-БӨЛІМ | 4-БӨЛІМ | Жиыны: |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ШҚО | 69 | 70 | 76 | 76 | 72 |
| 2 | СҚО | 28 | 53 | 70 | 49 | 50 |
| 3 | БҚО | 11 | 50 | 35 | 70 | 41 |
| 4 | Астана қ. | 26 | 50 | 47 | 24 | 37 |
| 5 | Павлодар облысы | 20 | 33 | 35 | 61 | 37 |
| 6 | Атырау облысы | 11 | 47 | 39 | 49 | 36 |
| 7 | Алматы облысы | 26 | 61 | 40 | 12 | 35 |
| 8 | Ақтөбе облысы | 11 | 44 | 23 | 55 | 33 |
| 9 | ОҚО | 22 | 61 | 26 | 21 | 33 |
| 10 | Қарағанды облысы | 20 | 42 | 53 | 15 | 32 |
| 11 | Қостанай облысы | 20 | 39 | 44 | 21 | 31 |
| 12 | Алматы қ. | 9 | 42 | 42 | 21 | 29 |
| 13 | Ақмола облысы | 17 | 45 | 17 | 39 | 29 |
| 14 | Маңғыстау облысы | 17 | 39 | 24 | 30 | 28 |
| 15 | Жамбыл облысы | 20 | 44 | 24 | 12 | 25 |
| 16 | Қызылорда облысы | 13 | 11 | 35 | 6 | 16 |
| | **Орташа ұпай** | **21** | **46** | **39** | **35** | **35** |

Барлық әкімшілік-аймақтық бірліктерге – облыстарға жәнен Астана мен Алматы қалаларына зерттеу барысында ұпай берілді, олар жалпы ұпайдан – белгілі бір әкімшілік-аймақтық бірліктің Жергілікті бюджеттік ашықтық индексінен көрінеді. Жалпы ұпай өз кезегінде бірнеше құраушыдан «1, 2, 3 және 4 бөлімдерден» тұрады, олардың әрқайсысы зерттеменің бөліміне сайкес.

1-бөлім зерттеменің «Бюджет жобасын жоспарлау мен әзірлеу процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша, 2-бөлім – «Процестің бюджетті қарау мен бекіту кезеңіндегі ашықтығы» бөлімі бойынша белгіленеді, 3-бөлім – зерттеменің

«Бюджетті орындау процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша, және соңғы 4-бөлім – «Бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп беру» бөлімі бойынша нәтижелеріне сәйкес келеді.

Индекстің ең үздік нәтижесі 2-бөлім бойынша байқалуда, Процестің бюджетті қарау мен бекіту кезеңіндегі ашықтығы 46 ұпайды құрауда. Сонымен қатар орташа мәннен жоғары ұпайға 3-бөлім – Бюджетті орындау процесінің ашықтығы бөлімі ие болуда, оған 39 ұпай тиесілі. Индекстің орташа мәніне сәйкес 35 ұпай жергілікті бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп беру туралы ақпараттың айқындылығы мен оған қатынау мәселелерін қамтитын 4-бөлімге тиесілі. Жергілікті деңгейде бюджет жобасын жоспарлау мен әзірлеу процесінің ашықтығы көрсеткіші орташа мәннен едәуір төмен, бөлім бойынша орташа есеппен небәрі 21 ұпайды құрауда.

Жоғарыда көрсетілген үш мәннің әрқайсысы бірдей салмаққа ие, және жалпы ұпай тиісті облыс, Астана не республикалық маңыздағы қала бойынша орташа арифметикалық мәнді қарапайым шығару арқылы есептеледі. Барлық әкімшілік-аймақтық бірліктер бойынша жалпы орташа ұпай ықтимал 100 ұпайдың 35 ұпайы.

Индекстің ең үздік нәтижелерін Шығыс-Қазақстан және Солтүстік-Қазақстан облыстары сияқты өңірлер көрсетті, оларға соған сәйкес 72 және 50 ұпай тиесілі. Ең төмен ұпайлар Жамбыл және Қызылорда облыстарының үлесін құрады – 25 және 16 ұпай. Индекстің мәліметтер көрнекі түрде 1-кестеде көрсетілген. Арнайы түрде бөлінген «Орташа ұпай» облыстардың арасындағы біз белгілеген көрсеткіштен жоғары/төмен шекараларды белгілейді. Жалпы алғанда 9 облыс орташа мәннен жоғары көрсеткіштерді және 7 облыс осы мәннен төмен көрсеткіштерді көрсетуде.

**1-кесте.**




Өңірлік қимада (2-кестені қар.) Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі келесі түрде көрсетілген. Барлық өңірлердің арасындағы өңірлік көшбасшы *«Шығыс Қазақстанның» облыстары* – Шығыс-Қазақстан мен Павлодар облыстары болуда. Бұл өңір ықтимал 100 ұпайдан 55 ұпай жинады. Ұпай

санын екінші болып *«Батыс Қазақстан» мен «Орталық Қазақстан»* бөлісті, олардың жалпы жинаған ұпай саны – 35. Өзіне Ақмола, Қостанай және Солтүстік-Қазақстан облыстары кіретін *«Солтүстік Қазақстан»* өңірі алдындағы өңірден екі ұпай кем жинады. Ең аз ұпай санын «Оңтүстік Қазақстан» өңірі, Алматы қ., Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік-Қазақстан облыстары жинады – ықтимал 100 ұпайдан 28 ұпай.

Шығыс-Қазақстан облысының жоғары ұпай саны (72) мен Павлодар облысындағы орташа көрсеткішке орай (37) «Шығыс Қазақстан» өңірі бойынша мәліметтер елеулі басымдылықты көрсетуде. Соған орай, зерттеме ашық дереккөздердегі бюджет пен бюджеттік процесс туралы мәліметтерді зерттеуге көбірек бағытталған болатын, бұл тұрғыда барынша ашық өңірге аталмыш өңір жатады. Аутсайдер болып табылатын оңтүстік өңір Қызылорда (16) мен Жамбыл облыстарындағы (25) тым төмен көрсеткіштерге, сондай-ақ топтағы өзге облыстардың салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштерге байланысты салыстырмалы түрде төмен нәтижені көрсетті.

**2-кесте.**




Әдіснама әрбір өңірдің жеке түрде жинаған жалпы ұпай санын көріп қана қоймай, сонымен қатар бөлімдер мен ішкі бөлімдердің қайсысының Индекстің жалпы көрсеткішін арттырып не төмендетін отыратынын қадағадауға мүмкіндік берді. 3-кестеде әдіснамада көрсетілген Индекс бөлімдері бойынша жиналған орташа ұпай саны көрсетілген. Төрт бөлімнің әрқайсысы үш ішкі бөлімнен тұрады, олар белгілі бір тақырыпқа арналған. Мысалы, әр бөлімнің бірінші ішкі бөлімі бюджеттік процестің белгілі бір кезеңіндегі бюджеттік құжаттаманың толықтығы мен ашықтығы мәселелеріне, екіншісі

– өкілдің билік органдарының (облыстық мәслихаттар мен депутаттардың) ұсыныстарын ескеру және соңғы ішкі бөлімі – мемлекет органдарының бюджеттік процестің әртүрлі кезеңдерінде жұртшылықты қатыстыру бойынша іс-қимылдарына арналған.

Ең жоғары ұпай санын жинаған ішкі бөлімдер: «2.1. Бюджеттік құжаттамның бюджетті қарау мен бекіту кезңіндегі толықтығы мен ашықтығы» - ықтимал 100 ұпайдан 53 ұпай; «3.1. Бюджетті орындау кезеңінде бюджеттік құжаттаманың толықтығы мен ашықтығы» - 52 ұпай; және «4.2. Бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп беруді қарау мен бекіту кезінде өкілдік органдардың ұсынысын ескеру» - 46 ұпай. Алынған нәтижелерді түсіндіріп және оларды практикамен салыстырып көрейік.

Салыстырмалы түрде жоғары нәтиже бюджеттік құжаттаманың толықтығы мен ашықтығы мәселелеріне арналған барлық ішкі бөлімдер бойынша алынды, мәслихат депутаттарының қатысу сапасы мен жергілікті мемлекеттік уәкілетті органдардың жұртшылықты тарту көрсеткіштері едәуір төмен болуда. Мұндай қорытынды мемлекет органдарының халықпен өзара әрекеттесу сипатын көрсетеді, ол негізінен бюджеттік басымдылықтарды анықтау, жоспарлау, жұмсау және мониторинг саласындағы коммуникациялардың екі және көптараптық арналарын қамтамасыз етуге емес, біржақты ақпараттандыруға ғана бағытталған.

Бірінші бөлім бойынша ең төмен көрсеткіш бюджет жобасы туралы ақпаратқа қатынау, мәслихат депутаттары мен халықтың ұсыныстарын ескеру атты ішкі бөлімдердің салыстырмалы түрде төмен мәндерінен құралған. Егер өзге ішкі бөлімдер бойынша депутаттардың қатысуы жұртшылықтың қатысуымен салыстырғанда анағұрлым жоғары ұпайға ие болып отырған болса, мұнда депутаттардың ұсыныстарын ескеру көрсеткіші (9 ұпай) халықты қатыстыру көрсеткішінен (21 ұпай) едәуір кейін қалуда. Депутаттардың қатысу көрсеткішінің төмен болуы мәслихат депутаттарын бюджетті жоспарлау ісіне қатыстыру қажет емес, себебі олар оны бәрібір қарап және бекітеді деген қазіргі кезде қолданыста жүрген практикамен байланысты болуда. Бұл практика тиімді болып табылмайды және халықтың, сондай-ақ өкілдік органдардың депутаттарын қатыстыруды ескеріп отыруы тиіс.

Жергілікті бюджеттің ашықтық индексіне осының алдында жүргізілген зерттемедегідей бюджеттік процестің ашықтығы мәселесі жоспарлау кезеңінде өзекті болып қалуда.

Қалған бөлімдер бойынша ең төмен ұпайға 3.2. «Өкілдік органдардың бюджеттің орындалу кезеңіндегі ұсыныстарын ескеру» (19), 3.3. «Мемлекет органдарының бюджетті орындау кезеңінде жұртшылықты тарту бойынша іс-қимылдары» (10) және 4.3. «Мемлекет органдарының жұртшылықты бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп беруді қарау мен бекіту процесіне қатыстыру жөніндегі іс-қимылдары» (18) ішкі бөлімдері ие болды.

**3-кесте.**




| | |
|---|---|
| **38-55** | 2.1. Бюджеттік құжаттамның бюджетті қарау мен бекіту кезңіндегі толықтығы мен ашықтығы<br>2.3. Мемлекет органдарының бюджетті қарау мен бекіту процесіне жұртшылықты тарту бойынша іс-қимылдары<br>3.1. Бюджетті орындау кезеңінде бюджеттік құжаттаманың толықтығы мен ашықтығы<br>4.1. Бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп берудің толықтығы мен ашықтығы<br>4.2. Бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп беруді қарау мен бекіту кезінде өкілдік органдардың ұсынысын ескеру |
| **21-37** | 1.1. Бюджеттік құжаттаманың бюджет жобасын әзірлеу кезеңіндегі толықтығы мен ашықтығы<br>1.3. Мемлекет органдарының жұртшылықты бюджетті әзірлеу процесіне қатыстыру бойынша іс-қимылдары<br>2.2. Бюджетті қарау мен бекіту кезеңінде өкілдік органдардың ұсыныстарын ескеру |
| **0-20** | 1.2. Бюджет жобасын қалыптастыру кезінде өкілдік органдардың ұсыныстарын ескеру<br>3.2. Өкілдік органдардың бюджеттің орындалу кезеңіндегі ұсыныстарын ескеру<br>3.3. Мемлекет органдарының бюджетті орындау кезеңінде жұртшылықты тарту бойынша іс-қимылдары<br>4.3. Мемлекет органдарының жұртшылықты бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп беруді қара мен бекіту процесіне қатыстыру жөніндегі іс-қимылдары |

Егер келесі «Индекске баға берудің негізгі критерийлері» кестесі мен олардың ұпайларына назар аударатын болсақ, орта есеппен алғанда бюджеттік құжаттамаға қол жеткізу деңгейі жеткілікті мөлшерде жоғары болып отырғанын түсінетін боламыз, ол - 43 ұпайды құрайды бұл Халықаралық бюджеттік серіктестік әзірлейтін Бюджеттің жалпы республикалық ашықтық индексіне сай (2012 жылы - 48 ұпай). Сонымен қатар, бюджеттік процестің әртүрлі сатыларында өкілдік органдардың ұсыныстарын ескеру және жұртшылықты қатыстыру сияқты критерийлер төмен көрсеткішті - 24 ұпайды көрсетуде. Соңғы екі критерий Жергілікті бюджеттің ашықтық индексінің жалпы көрсеткішінің едәуір төмендеуіне ықпалын тигізеді.



## 4. НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Бұл бөлімде Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексін зерттеудің нәтижелері мұқият қарастырылып, жергілікті деңгейдегі бюджеттік айқындылық пен есептілік мәселелері талқыланды, сондай-ақ жұртшылықты Қазақстанның барлық әкімшілік-аймақтық бірліктерінде жүзеге асырылатын бюджеттік процеске қатыстыру практикасы көрсетілген. Әр бөлімдегі сұрақтардың саны бір-бірінен өзгешеленеді, сол себептен, Индекстің төрт бөлімінің әрқайсысының салыстырмалы салмақтық категориясы әртүрлі болып келеді. Осылайша, бірінші бөлімдегі сауалдардың саны 18, екінші бөлімде - 12, үшінші бөлімде - 19 және төртінші бөлімде - 11

### 4.1. БЮДЖЕТ ЖОБАСЫН ЖОСПАРЛАУ МЕН ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ (зерттеудің 1-бөлімі)

Бюджеттің жобасын жоспарлау мен әзірлеу процесінің ашықтық мәселесі, Индексті зерттеудің 1-бөлімі барлық қалған бюджеттік процестің – бекіту, орындау, бақылау және орындау нәтижелеріне баға беру кезеңдерінің ашықтығы мәселелерінен дербес болып келеді. Бюджетті әзірлеу кезеңінде жұртшылықтың бюджеттік процеске қатысуының маңыздылығы өзінің дербестігі мен сауалдар санының (18) арқасында елеулі болып табылады. Бірінші бөлім бюджетті әзірлеу процесінің ашықтық аспектілері бойынша үш тармақтан тұрады, оларды бір бұдан әрі қарастыратын боламыз.

Бөлім бойынша орташа ұпай барлығы небәрі 21 ұпайды құрайды, бұл Индекстің Жалпы орташа ұпайынан 14 тармақ төмен. 16 аймақтан 11 облыс бұл мәселеде бюджет жобасын жоспарлау мен әзірлеу кезеңінде бюджеттік процестің төмен ашықтық деңгейін көрсетті. Ең жоғары ұпай санын Шығыс-Қазақстан облысы жинады (69), одан кейін едәуір айырмашылықпен Солтүстік-Қазақстан облысы (28) келеді, яғни айырмасы 41 тармақты құрайды. Ең төмен ұпай санын мұнайлы Атырау (11) мен Ақтөбе (11) облыстары мен  Алматы қ. (9) мегаполисі жинады.

**4-кесте.**



«Бюджеттік құжаттаманың бюджет жобасын әзірлеу кезеңіндегі толықтығы мен ашықтығы» бөлімінің бірінші тармағы облыстардың бюджеттік процестің қарастырылып отырған кезеңі барысында бюджеттік құжаттаманың жеткіліктілігі мен қол жетімділігі параметрі бойынша ұпайларын белгілейді. Орташа ұпай 26, осы бөлім бойынша орташа ұпайдан (21) асуда, бұл жұртшылықтың бюджетті әзірлеу кезеңінде бюджеттік құжаттамаға салыстырмалы түрде жоғары қатынау деңгейін көрсетуде. Көрсеткіш бойынша көшбасшылар бұл Шығыс-Қазақстан (93), Алматы (60) және Солтүстік-Қазақстан облыстары (67), ал мұнайлы Батыс-Қазақстан (0) мен Атырау (0) облыстары ең төмен мәнге ие.

Барлық облыстар бойынша ең жоғары ұпай санын келесі екі сауал жинады – 1) «№1. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бекітудің алдында жарияланады», және 2) «№4. Түсіндірме хатта бюджеттің мемлекет саясатының мақсатымен қалай байланысқаны туралы түсіндірме беріледі», соған сәйкес орташа есеппен 39 және 38 ұпай, алайда тармақтардың ең аз санын №5 – «Әкімдіктің мәслихатқа ұсынған бюджет жобасы оны мәслихат сессиясында бекітудің алдында жариялanып отырады» сауалы жинады – орташа есеппен барлығы небәрі 8 ұпай.

Бюджет жобасын жергілікті өкілдік орган, мәслихат депутаттарының қарауы мен бекітуінің алдында жариялау туралы сауал ең аз ұпай санына ие болды, себебі бюджеттік жоспарлау тұрғысынан алғанда маңызды болып келетін құжат жұртшылыққа тек Шығыс-Қазақстан (100) мен Жамбыл облыстарында (33) қол жетімді. Қалған барлық облыстар бойынша сарапшылар 0 ұпай қойды, бұл оның жұртшылық үшін қол жетімсіз екендігінің белгісі болып табылады.




**5-кесте.**

Қарастырылып отырған бөлімнің келесі «1.2. Бюджет жобасын қалыптастыру кезінде өкілдік органдардың ұсыныстарын ескеру» деген тармағы жергілікті өкілдік органдар - мәслихат депутаттарының қатысу деңгейін өлшеуге бағытталған, бұл сонымен

қатар облысты дамытудың стратегиялық бағыттарын белгілеу кезінде және әртүрлі жобаларға арнап бюджеттік қаржы бөлу кезіндегі олардың белсенділігін жанама түрде анықтайды. Сарапшылар пікірінше, бюджеттік жүйені орталықтандыруды елеулі деңгейі мәслихат депутаттарының белсенді қатысуының өзінде олардың бюджеттік процеске жергілікті деңгейде ықпал етіп отыру мүмкіндіктерін шектейді.

Бұл тұрғыда сарапшылардың пікірі бөлімнің Орташа ұпай мәнімен расталады, ол неғұрлым 9 ұпайды құрады (Индекстің барлық бөлімдерінің арасындағы ең төмен көрсеткіш). Жергілікті атқару органдары тек Шығыс-Қазақстан (67), Қарағанды (50) және Маңғыстау (33) облыстарының мәслихат депутаттарына ғана алдын-ала жүгініп отырады. Қалған өңірлердің барлығы осы бөлім бойынша 0 ұпай алды.  Бұл бөлім депутаттардың бюджет жобасын атқарушы билік органдарында қарау кезіндегі қатысуының келесі екі аспектісін ғана ескереді – бұл бюджет жобасына енгізілген ұсыныстар туралы ақпарат пен бюджеттік комиссияның бюджет жобасына ескерілген ұсыныстары туралы ақпарат. Мұндай ақпарат болмаған жағдайда сарапшылар бұл сауалдарды нөл ұпайға бағалап отырған.

«1.3. Мемлекет органдарының жұртшылықты бюджетті әзірлеу процесіне қатыстыру бойынша іс-қимылдары» тармағында жұртшылықтың және үкіметтік емес ұйымдардың заңнамадағы рөлі тікелей көрсетілмеген. Халық сайлаған мәслихат депутаттары олар өздерін танытып отырған аймақтағы халықтың, азаматтардың өкілдері болып табылады. Яғни, заң рухы халықтың мәслихат депутаттарына өкілдік беріп отырғанын көрсетеді. Осылайша, жұртшылықтың бюджет жобасын қалыптастыру кезіндегі рөлінің жергілікті өкілдік органдар депутаттарының рөлінен едәуір төмен болуы қисынды жағдай. Дегенмен де, алдыңғы ішкі бөлім бойынша жинаған 9 ұпайға қарағанда бұл ішкі бөлім 21 ұпай жинады.




**6-кесте.**

Бұл бөлім бойынша ең жоғары ұпай саны Шығыс-Қазақстан облысы (58) мен Астана қ. (39) бойынша жиналды, одан 24 ұпаймен ОҚО, СҚО, Қостанай мен

Ақмола облыстары едәуір кейін қалуда. Сарапшылар мұнай өңірлерінде - Ақтөбе (9) мен Маңғыстау (6) облыстарында жұртшылықтың бюджет жобасын әзірлеу




процесіне аз қатысуын атауда.

**7-кесте.**

Ішкі бөлім бойынша ең жоғары ұпайды №13 «Азаматтық бюджет әкімдік сайтында жарияланады» (71) және №14 «Азаматтық бюджет әкімдік сайтында жарияланған» екі сауал жинады, ол келесі бөлімдерден тұрады (65). Бұл екі сауал жергілікті атқару органдарының интернет-сайттарында азаматтық бюджеттің жариялануы мен аталмыш құжаттың мазмұнына қатысты болуда. Азаматтық бюджеттің жайғастырылуы Қаржы министрлігінің 2011 жылғы жұмыстық тобы атқарған жұмысының нәтижесіне айналды, аталмыш жұмыстық топ азаматтық бюджетті әзірлеу және оны орталық және жергілікті мемлекет органдарына арнап жариялау әдіснамасын әзірлеген болатын. Ішкі бөлім бойынша ең төмен мәнге №15 «Әкімдіктік бюджеттік комиссиясының жұмысында бюджет жобасын қарастыру процесіне жұртшылықты қатыстырудың рәсімі құрылып және қолданылуда» (4) сауалы ие болды, ол бұл бағытта тек Жамбыл және Батыс-Қазақстан облыстарында ғана жұмыс жүргізіліп отырғанын көрсетті (33 ұпайдан). Қазақстанның қалған өңірлері өзінде мұндай шаралардың жүргізілмейтінін көрсетті.

Тұтастай республика бойынша бюджетті жоспарлау мәселелері ең төмен мәнді жинауда, бұл бюджеттік процестің осы кезеңдегі ашықтық деңгейінің төмендігін, мәслихат депутаттары мен жұртшылықтың аз қатыстырылуын, сондай-ақ мұндай қатыстырудың жан-жақты ойластырылып және ескерілген механизмдерінің жоқ екендігін көрсетуде. Сонымен қатар, бюджет жобасын бірлесіп және көп тараптық пысықтау практикасы әлбеттежергілікті бюджетті орындау кезеңіндегі бюджеттік шығындардың тиімділігі мен нәтижелілігінің артуына әкелуі мүмкін. Бұл мәселеде, әрине, республикалық бюджеттен бөлінетін бюджеттік трансферттердің маңыздылығы мен жергілікті бюджеттердің қаржы құйылуына тәуелділігі ерекше техникалық қиындық тудыруы мүмкін, алайда жаңа салық саясаты мен өзге де жаңадан әзірленген тәсілдер бюджеттік жоспарлаудың ашықтығын арттыру мәселесіне жақын келешекте қайтып оралуға мүмкіндік беруі мүмкін.

# 4.2. БЮДЖЕТТІ ҚАРАУ МЕН БЕКІТУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ (зерттеменің 2-бөлімі)

Бюджетті қалыптастыру процесінің ашықтығымен қатар бюджеттік процестің өзге де кезеңдері болады. Бұл бөлімде бюджетті қарастыру мен бекіту процесінің ашықтығы мәселелері қарастырылған, аталмыш процесте заңнамамен қатар жергілікті өкілдік органдарға, мәслихаттар мен депутаттарға маңызды және белсенді рөл бөлінген. Бюджеттің процестің осы кезеңдегі ашықтығының маңыздылығы мемлеке органдары мен олардың халық қалаулыларының алдындағы іс-қимылдарының айқындылығы мен есептілігінің артуымен тікелей байланысты.

Өңірлердің жергілікті бюджетті қарастыру мен бекіту кезеңіндегі бюджеттің процестік ашықтық деңгейі бойынша негізгі сипаттамасы 7-кестеде келтірілген. Бұл көрсеткіш бойынша орташа ұпай 46 ұпайды құрайды, бұл Индекстің жалпы орташа көрсеткішінен 11 тармақ жоғары. Бұл бюджеттік процестің кезеңдері бойынша ашықтық деңгейінің ең жоғары көрсеткіші.

Аталмыш кезеңдегі бюджеттік процестің ашықтығы бойынша көшбасшылар: Шығыс-Қазақстан (70), Оңтүстік-Қазақстан және Алматы (61 ұпайдан) облыстары. Қостанай (39), Павлодар (33) мен Қызылорда (11) облыстары кейін қалуда. Орташа көрсеткіштен асатын өңірлердің жалпы саны - 7, және 9 өңір көрсеткіш бойынша орташа ұпайдан төмен көрсеткішті көрсетуде.



8-кесте.

Сауалнаманың екінші бөлімі үш тармаққа бөлінген, олар бюджетті қарау мен бекіту кезеңіндегі бюджеттік процестің ашықтығы мәселесін жан-жақты зерттеуге бағытталған.

Мысалы, бірінші тармағы бюджетті қарастыру мен бекіту кезеңіндегі бюджеттік құжаттаманың толықтығы мен ашықтығын өлшеуге арналған, мұнда өңірлер бойынша Орташа ұпай 53 ұпайға сәйкес, бұл Индекстің орташа көрсеткішінен 18 тармақ жоғары. Бюджетті жергілікті деңгейде бекіту кезеңі өздеріне жергілікті бюджетті бекіту құзырлығы берілген жергілікті өкілдік билік органдары депутаттарының белсенді қатысуымен сипатталуда. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда мәслихат депутаттарының жергілікті бюджет туралы ақпараттандырылған шешім қабылдау мүмкіндіктері шектелген болып келеді. Облыс бюджетінің республикалық бюджетке қарағанда көлемі бойынша анағұрлым шағын құжат болып табылатынына қарамастан, не дегенмен аналитикалық әлеует және қарастырылып отырған құжаттың қағидаларын толығырақ зерттеу мүмкіндіктері жеткілікті болып отыруы тиіс. Кейбір өңірлерде уақыттық ресурс болмаса, мәслихаттардың белсенді ат салысу мен сындарлы жұмыс жүргізу мүмкіндіктері жайлы айту қиын. Мысалы, жергілікті бюджетті қарастыру кезеңін заң жүзінде Бюджеттік кодексте бекітуге болар еді – бұл жағдайда әдеттегі практика ретінде өзінде құжат мәслихат депутаттарының зерттеуі мен қарастыруында болатын бір ай мерзімді ескеруге болады, ал бюджет жобасы жұртшылықтың оған түсіндірме мен ұсыныстар беруі үшін, көпшілік пікірталас пен талқылаудан өткізу үшін қол жетімді болып отырған болар еді.

«2.1. Бюджеттік құжаттамның бюджетті қарау мен бекіту кезеңіндегі толықтығы мен ашықтығы» тармағы бойынша ең үздік көрсеткіштер Атырау (71), Шығыс-Қазақстан (71) мен Батыс-Қазақстан (67) облыстарында, ал ең төмен көрсеткіштер Қызылорда (19) мен Ақмола (33) облыстарында. Соған сәйкес, осы тармақ бойынша ең көп ұпай санын жинаған облыстардың мәслихат депутаттары бюджетті қарау мен бекіту кезеңіндегі бюджеттік процеске неғұрлым белсенді түрде қатысады, ал олардың қызметі неғұрлым айқын. Бюджеттік процестің бюджет жобасын бекіту кезеңіндегі ашықтығын қамтамасыз ету практикасындағы әлсіз буын мынау: көп жағдайда тұрақты комиссиялар бюджетті не жекелеген бағдарламаларды қарастырумен байланысты мәселелерлі талқылау нәтижелері бойынша хаттамаларды жарияламайды.

№19 «Мәслихаттың тұрақты комиссиялары бюджетті қараумен байланысты отырыс қорытындылары бойынша хаттамаларды жариялап отырады» сауалы №25 «Әкімдік бюджеттен тыс қорлар туралы ақпаратты жариялап отыра ма» сауалы тәрізді ең аз ұпай санын жинады – өңірлер бойынша орташа есеппен 4 ұпайдан. Отырыс қорытындылары бойынша хаттамаларды жариялау туралы сауалға тек қана Ақмола мен Шығыс-Қазақстан облыстарында сарапшылар осы ақпараттың қол жетімділігінің растамасын алды, алайда бұл ақпараттың сапасы ықтимал 100 ұпайдан небәрі 33 ұпай деп қана бағаланған болатын. Қалған өңірлердің ешқайсысы мұндай ақпаратты жарияламайды. Осылайша, мәслихат шешімдерін қабылдау мәселелерінің айқындылығы үкіметтік емес ұйымдардың жіті назарында болуы тиіс, себебі бюджетті жергілікті деңгейде бекіту кезеңіндегі негізгі

құжаттар жұртшылық үшін қол жетімсіз болып келеді.

Бекітілген бюджет пен оны жариялау туралы ақпараттың қол жетімділігі мәселесінің




жағдайы неғұрлым жақсырақ болуда, бұл №№ 21 және 22 сауалдар. Орташа есеппен ел бойынша бұл сауалдар 71 мен 69 ұпайды иеленді. Тек екі өңірде Қызылорда облысы мен Астана қ. бекітілген бюджет жарияланбай отырған.

**9-кесте.**

Бөлімнің келесі «2.2. Бюджетті қарау мен бекіту кезеңінде өкілдік органдардың ұсыныстарын ескеру» тармағы орташа есеппен осы бөлімнің өзге бөлімшелерімен салыстырғанда орташа есеппен аз ашықтық деңгейімен сипатталуда. Бұл бөлім жинаған орташа ұпай - ықтимал 100 ұпайдан 23 ұпай саны бойынша аутсайдерлер үштігінде. Осыған қарамастан салыстырмалы түрде жоғары ұпай жинаған өңірлер бар, оларға Алматы облысы (100), Шығыс-Қазақстан мен Оңтүстік-Қазақстан облыстары (67 ұпайдан) жатады. Барлық әкімшілік-аймақтық бірліктердің тең жартысын құрайтын еліміздің сегіз аймағы ноль ұпайдан алды. Өңірлер бойынша мұндай көрсеткіштер жұртшылық пен үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ жергілікті өкілдік органдар аппараттарының тарапынан елеулі алаңдаушылықты тудыруы тиіс. Кейінгілері халық қалаулылары қызметінің үйлестірілуі мен айқындылығын артуын қамтамасыз етіп отыруы тиіс, оның үстіне егер бұл бюджетті қарау мен бекіту процесіне қатысты болса.

Сарапшылардың «Мәслихат депутаттарының бюджет жобасына оны тұрақты комиссияда қарау кезеңінде енгізген түзетулері туралы ақпарат қол жетімді» сауалына берген жауаптарынан көруге болатындай, тек қана Алматы, ШҚО мен ОҚО облыстарында мәслихат депутаттарының қызметі туралы ақпарат қол жетімді; қалған өңірлердің ешқайсысында мұндай ақпарат қол жетімді болып табылмайды не болмаса депутаттар қарастыруға арнап ұсынылып отырған бюджетке ешқандай түзетулер мен ұсыныстарын ұсынбауда.




**10-кесте.**

«2.3. Мемлекет органдарының бюджетті қарау мен бекіту процесіне жұртшылықты тарту бойынша іс-қимылдары» ішкі бөлімі алдыңғы тармаққа қарағанда екі есе жоғары ұпай санын жинады. Өңірлердің жинаған орташа ұпай саны - 44. Бұл тармақ үш сауалдан құрылған, олар қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру мен өткізу және олар жайлы халықтың хабардар етілуінің анықтауға бағытталған. Ең жоғары ұпай санын (67) жинаған сауал – №30 «Жұртшылық жергілікті бюджеттің мәслихат сессиясында талқылануы туралы хабардар етіліп отырады». Және керісінше, ең аз ұпайға №28 «Мәслихат (тұрақты комиссиялар, депутаттар) жұртшылықты бюджеттік бағдарламаларды талқылауға қатыстырады» сауалы ие болды - небәрі 29 ұпай. Дәстүрлі түрде, мәслихат сессияларының қорытындысы бойынша облыстық БАҚ тілшілері мерзімді басылымдар арқылы өз оқырмандарын болып өткен мәслихат сессиялары мен оларда қарастырылған мәселелер туралы хабардар етіп отырады. Жергілікті бюджетті қарастыру тақырыбына арналған отырыстары жайлы да ақпарат беріліп отырады. Сол себептен №30 сауал бойынша салыстырмалы түрде жоғары ұпай алынды.

Жұртшылықты мәслихат сессияларына қатыстыру туралы сауалға берілген жауаптардың қорытындысы бойынша небәрі 7 облыстың сарапшылары ғана мұндай практиканың қолданылатынын көрсетті, қалған жағдайларда (Қазақстанның 9 өңірінде) мұндай практика жоқ, демек, жұртшылық өзінде жергілікті бюджет қаралып және бекітілетін мәслихат сессиясына қатыса алмайды.

